Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№1 (1378)
25 қаңтар
2010 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ



**Дана халқымыз «Болашағыңды ойласаң ұрпақ тәрбиеле» деген. Кемеңгер бабамыз әл-Фараби білім мен тәрбиенің егіз болу керектігін өсиет еткен екен. Осы ұстанымды берік ұстанған ҚазҰУ-да сапалы біліммен қатар тәрбие жұмысының қарқынды жүруіне барлық жағдай жасалуда. Университет ректоры Бақытжан Жұмағұлов үнемі студенттермен кездесіп, жастар тәрбиесі мәселесін олардың өздерімен бірлесе отырып талдап, талқылауды жақсы дәстүрге айналдырып отыр.**

## Тәрбие талбесігіндегі жастардың нық қадамы



Университет мерейінің шарықтап өсу жылы болған 2009 жылы Бақытжан Тұрсынұлы жастармен жүздесіп, өткен жылға баға беріп, алда тұрған мақсат-міндеттерді айқындап аяқтауы жастарға үлкен серпін берді. Желтоқсан айында өткен аталмыш мәжіліс «Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департамент қызметінің негізгі бағыттары» деген тақырыппен өтті. Оған сондай-ақ университет проректорлары, декандар мен олардың орынбасарлары қатысты.

Жастар тәрбиесі мәселелерімен тікелей айналысатын және осы бағыттағы шараларға басшылық жасайтын Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департамент директоры Г.Сәрсенбекова өткен жылды былайша қорытындылады: “2009 жылдағы жастар тәрбие саласы бойынша жеткен жетістіктердің сандық көрсеткішіне жүгінсек, Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары жұмысына қатысатын студенттер саны 2009 жылы 2007-2008 жылмен салыстырғанда 3,2 есе өсті. Университет бойынша студенттік ұйым, клуб, бірлестіктер саны 146-ға жетті. ҚазҰУ-дың студенттер клубы, көркемөнерпаздар үйірмелерінің жұмысы жандандырылып, үйірмелерге қатысатын студенттер саны 2007-2008 оқу жылымен салыстырғанда 5,7 есеге артты.

*(Жалғасы 3-бетте)*

# КазНУ ФОРМИРУЕТ интеллектуальную нацию

**Научно-методическая конференция профессорско-преподавательского состава КазНУ им. аль-Фараби уже вошла в традицию. В канун своего 76-летия университет провел 40-вую конференцию. Тема конференции - «Высшее образование – стратегический ресурс формирования интеллектуальной нации». Идея ускоренного продвижения Казахстана в сообщество 50-ти наиболее конкурентноспособных стран мира, неоднократно высказанная Президентом РК и особо подчеркнутая им в лекции «Казахстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее» (13 октября 2009 г.), включает в себя целый ряд стратегических приоритетов, главным из которых является формирование интеллектуальной нации.**



Формирование интеллектуальной нации в соответствии с новой идеологией развития общества невозможно без активной деятельности национальных университетов в подготовке конкурентноспособных кадров для экономики республики. Как отметил ректор вуза Бакытжан Жумагулов: “Интернационализация образования не прихоть отдельно взятого университета, а это объективный процесс. Не принимая своевременные меры по развитию и совершенствованию деятельности университета, не анализируя современные мировые тенденции развития науки и образования, мы рискуем потерять востребованность на рынке образовательных услуг". Ректор так же подчеркнул, что главная проблема в том, что вуз еще не обеспечивает образовательные программы на уровне мировых стандартов.

Решая эту задачу, ученые КазНУ приступили к разработке принципиально нового подхода к организации учебного процесса, суть которого состоит в создании условий, способствующих возрастанию творческой активности студентов. Серьезно переосмыслены подходы к содержанию и организации образования, определению критериев его качества, поиску и широкому внедрению образовательных технологий и современных образовательных программ.

На данной конференции в сфере образования своим опытом поделились и зарубежные коллеги. Из доклада участника конференции, ученого из Америки Элия Романанджису можно особо отметить эту часть: «В большинство случаях, мы не понимаем что ждем от студентов и что они должны делать для того чтобы быть успешными. Моя цель в участии конференции, убедить профессорско-преподавательский состав в том, что необходимо делать упор на студентов, на их индивидуальные занятия". Мнения ученого из Америки и профессора университета аль-Асхар (Каир, Египет) Абдель Азиз Абдель Хафиз аль-Хули совпадают. Он считает что преподаватели должны узнать каждого студента со всех аспектов, это и психологический характер студента и интеллектуальный уровень восприятие. Такая информированность преподавателя дает возможность раскрыть студента и полностью обогатить мировоззрение обучающегося, считает академик.

Принимая это во внимание, ученые КазНУ разрабатывают новые модели обучения, обеспечивающие качественные стандарты интеллектуальной составляющей модернизации государства и общества. По мнению некоторых преподавателей вуза, образование надо понимать как социо-культурный институт. А студентов, основным элементом обучения. Так как проблемой современного образования является неумение студентов самостоятельно работать.

*(Продолжение на 2-стр.)*

БҮГІНГІ санда:

ЕҚЫҰ төрағалығынан не күтесіз? 4-бет




ӨРКЕН
*Газет ішіндегі студенттер газеті*
5-8-беттер

Юбилей академика Сабикенова С.Н.
9-бет



■ *Конференция*

# КазНУ формирует интеллектуальную нацию




*(Начало на 1-стр.)*

В ходе конференции ректор вуза дал конкретные задания деканам факультетов. Он подчеркнул, что нужно ускорить разработку экспериментальных программ, максимально отвечающих тенденциям развития современного образования и науки. Каждый факультет является образовательным центром по своему направлению. Перед деканами стоит задача возглавить работу по разработке и внедрению с нового учебного года новых экспериментальных образовательных программ, отвечающих всем требованиям современности. А в области научных исследований наметилась тенденция расширения спектра научных исследований, увеличения научных программ и, как следствие, увеличение финансирования научных исследований. В 2009 году было выделено 1 миллиард тенге в финансирование научных проектов. Ректор отметил, что только за последний год увеличивается финансирование гуманитарной науки. Впервые в истории университета открылись исследовательские институты гуманитарного профиля – Институт Абая, Институт государства и права, Центр кипчаковедения.

Научно-методическая конференция ученых КазНУ им. аль-Фараби обобщает и популяризует педагогический опыт преподавателей университета в решении глобальных задач, поставленных Президентом страны перед высшей школой.

В программе конференции также обсуждались актуальные вопросы присоединения Казахстана к Болонскому процессу. Как известно Казахстан в 2010 году намерен стать полным членом Болонского процесса. По словам ученых, Казахстан получит несколько преимуществ при вступлении в организацию. Во-первых, это признание казахстанских дипломов в международном пространстве. Кроме того, в перспективе наши студенты смогут перевестись в те или иные европейские вузы. А так же могут быть в курсе всех образовательных событий стран членов Болонского процесса. Бакытжан Жумагулов считает, что предстоящее вхождение Казахстана в Болонский процесс определило и выбор концептуальных направлений развития образования. "Обеспечение широкого спектра образовательных услуг в современном университете наиболее продуктивно реализуется в условиях кредитной системы обучения. В истекшем году в университете внедрена кредитная система обучения, разработаны инструменты оперативного управления учебным процессом в этих условиях. Внедренная интернет-система сделала полностью прозрачной все этапы организации учебного процесса, позволила мобилизовать потенциал ППС на освоение современных технологий обучения, - отметил академик Б.Жумагулов.

На пленарном заседании прозвучали авторитетные мнения ведущих профессоров КазНУ и зарубежных вузов.

**Меруерт МУХАМЕТЖАНОВА**

■ *Ғылым*

# "Жылдың жас ғалымы" – ҚазҰУ оқытушысы

**Өткен ғасырдан бастау алатын сарқылмас бұлақтай ҚазҰУ білімі мен тәрбиесінің түп тамыры тереңде жатқаны анық. Сол тереңдік қай кезеңде де маңызын жоғалтқан емес. Бүгінде білім мен ғылымды инновациялық дамытудың ұлттық көшбасшысы болып танылған қара шаңырақтың жастары әрқашан биіктерден көрініп жүр. Осы орайда, жақында ҚазҰУ-дың химия факультетінің аға оқытушысы, химия саласы бойынша философия ғылымдарының докторы(Phd) Ерлан Досжанов "Жастар-2009" сыйлығының "Жылдың жас ғалымы" номинациясын жеңіп алды.**



Аталмыш шара Қазақстан жастар конгресі мен "Нұр Отан" ХДП-ның "Жас Отан" жастар қанатының ұйымдастыруымен биыл бесінші рет өткізіліп отыр. Еліміздегі ең жоғарғы жастар сыйлығының додасына әр саланың белсенді жастары, жас көшбасшылар, саясаткерлер, оқытушылар, ғалымдар, журналистер, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, спортшылар жастардың қоғамдық ұйымдары қатысты. 2009 жылдың қараша айының 10-нан басталған премия лауреаттарын анықтау процесіне 18 номинация бойынша 360 ұсыныс, ал "Жылдың жас ғалымы" номинациясы бойынша 35 жұмыс келіп түскен.

"14 пен 29 жас аралығындағы үміткерлер қатысқан шараның басты мақсаты – жастар саясатының дамуы мен бәсеке деңгейін арттыру, қарқындату, – дейді Ерлан, – Ал, жалпы менің еңбегімде топыраққа төгілген мұнай және мұнай өнімдерін залалсыздандыру, тазарту үшін оларға белсенді көмірсутек тотықтырушы микроорганизмдер штаммдарының әсерін және осы кездегі мұнайдың химиялық құрамындағы өзгерістерді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып анықтау көзделген. Бұл жұмыстың ғылыми-тәжірибелік маңызы – мұнаймен ластанған топырақты тазарту мақсатында және бактериалды штаммдарды пайдалану барысында мұнай өндіретін, тасымалдайтын және өңдейтін аймақтардағы экологиялық ахуалды жақсартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, менің жеңімпаз болуыма 2008 жылы ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы атануым, бірнеше рет ғылыми конференцияларға, симпозиумдарға және конгрестерге қатысып жүлделі орырдарды иеленуім оң әсерін тигізіпті. Сонымен қатар, екі жыл қатарынан Германияда ғылыми тәжірибелерімді іске асырдым. Осының барлығын ескере отырып, байқау төрағалары финалға шыққан 5 жұмыстың ішінен менің жұмысымды үздік деп тауыпты".

**Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**

■ *Олимпиада*

# VI Халықаралық Жәутіков олимпиадасының жеңімпаздарына гранттар берілді

**12-16 қаңтар аралығында Алматы қаласында мектеп оқушылары арасында физика, математика және информатикадан жылдық VI Халықаралық Жәутіков олимпиадасы өткізілді. Халықаралық Жәутіков олимпиадасының алты жыл бойы жоғары деңгейде ұйымдастырылуына ҚР Білім және ғылым министрлігі, Алматы қаласының әкімшілігі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үлкен үлес қосып келеді. Сонымен қатар, олимпиаданың бас серіктесі – республикалық физика-математика мектеп-интернатының түлектері қоры мен олимпиаданың бас демеушілері – «ExxonMobil Kazakhstan Inc» және «Microsoft Kazakhstan» компаниялары да қолдау көрсетіп келеді.**

Олимпиадаға мемлекеттің 16 арнаулы мектептерінен 49 команда (312 қатысушы) білім сайысына түсті. Атап айтсақ, олар Қазақстан, Ресей (Саха және Башқортыстан Республикалары), Украина, Әзірбайжан, Грузия, Армения, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркменістан, Румыния, Болгария, Түркия, Индонезия, Монғолия және Египет елдерінің оқушылары.

Олимпиаданың әділ-қазылар алқасы құрамын Қазақстан, Ресей, Болгария, Беларусия, Укарина, Армения, Грузия және Өзбекстан сияқты 8 елдің мамандары толықтырды. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, ҚР ҰҒА академигі Бақытжан Жұмағұлов қазылар алқасына төрағалық жасады.

VI Халықаралық Жәутіков олимпиадасында бәйгеге салынған 130 медальдің 42-сі Қазақстан оқушыларының жеңісіне бұйырды. Алтын медальді олимпиаданың 24 қатысушысы иемденсе, оның ішінде 8 алтын медаль қазақстандық оқушылардың қоржынына түсті. Күміс медальмен марапатталған 42 жеңімпаздың 11 қатысушысы қазақстандық оқушылар. Ал 64 қола медаль иегерінің ішінде, Қазақстаннан 23 оқушы ілікті.

Аталмыш олимпиада дарынды оқушыларды қолдау мақсатын көздейтінін ескерсек, ол сонымен қатар абитуриенттердің контингентін қалыптастыру концепциясының да жаңа бөлігі болып саналады. Ағымдағы жылдың 16 қаңтарында Студенттер сарайында өткен олимпиада жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде ҚазҰУ ректоры Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы жүзден жүйрік шыққан қатысушылардың нәтижелерін жоғары бағалап, еліміздегі ЖОО арасындағы ең үздік білім ордасы ҚазҰУ-дың оқу гранттарын табыс етті.

Айта кетерлік бір жайт, мемлекетіміздегі жоғары оқу орындары ішінде Қазақ ұлттық университеті "ЖОО студенттік құрамының сапасын көтеруге бағытталған Қазақстан үшін жаңа студенттерді қабылдау концепциясын" алғышқылардың бірегейі болып жүзеге асыруға кірісті.

Игі шараның бастамасы өткен оқу жылының өзінде көрініс тауып, жетекші ұлттық университетте студенттік контингентті іріктеуге бағытталған жаңа стратегия құрастырылған болатын. Соның негізінде аталған университетте дарынды оқушыларды қолдау мақсатында көптеген іс-шаралар өткізілді. Бұл кезектегі ең үлкен көлемдегі жоба «Қазақ ұлттық университетінің Пәндік олимпиадасы» екендігін атап өтуге болады. Олимпиада 2009 жылдың 16 ақпан мен 16 сәуір аралығында Қазақ ұлттық университетінің ең үздік профессорлардың қатысуымен республика көлемінде барлық облыс орталықтарында және Алматы, Астана қалаларында ұйымдастырылған болатын. «ҚазҰУ Пәндік олимпиадасы» – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және дарынды балалардың қабілеттік потенциалының дамуына жағдай жасауды көздейді.

«ҚазҰУ Пәндік олимпиадасы» арқылы оқушылардың тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына қарамастан жоғары білім сапасына қол жеткізуіне мүмкіндік жасады.

«ҚазҰУ Пәндік олимпиадасына» Қазақстанның барлық аумақтарынан 7 000-нан астам оқушы қатысты.

«ҚазҰУ Пәндік олимпиадасының» көмегімен 2009 жылы бұл университет грант иегерлерінің саны бойынша көшбасшылыққа ие болды.

Осы оқу жылына жоспарланған ҚазҰУ Пәндік олимпиадасының дайындық кезеңі 2009 жылдың қыркүйегінен басталған еді. Дайындық негізінде олимпиада тапсырмалары пысықталып, ішкі және сыртқы сараптамадан өтті. Республика аймақтарында олимпиаданы өткізу кестесі облыстық білім басқармаларымен келісе отырып құрылды.

**Гүлназ ҚҰЛМАХАНОВА**

Тәрбие

# Тәрбие талбесігіндегі жастардың нық қадамы

(Соңы. Басы 1-бетте)

1998-2008 жж. тігілген сахналық киімдер саны 171 болса, 2009 жылы жаңа 193 концерттік костюм тігілді. Ректор тапсырмасымен Болон үдерісі бойынша Студенттік бюро құрылды. 2009 жылы 13 құрылыс жасағы құрамында 150 студент «Өз университетімізді өз қолымызбен!» атты ұранмен жұмыс жасады. 14-16 қарашада Мәскеу қаласының Кремль сарайында өткен Студенттік құрылыс жасақтарының 50 жылдығына арналған слетке қатысты. Поэзия, проза, публицистика бойынша 60-қа жуық студенттің шығармаларын топтастырған студенттік альманахтың алғашқы кітабы жарық көрді. Тілдік клубтар жұмысы ұйымдастырылып, оған қатысушы студенттер саны 2000-ға жетті. Мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған 17 жалпыуниверситеттік іс-шара өткізілді.

Жалпы университет, факультет, жатақханаларда студенттер күшімен ұйымдастырған шаралар саны 267-ге жетті. Университеттің үздік дәстүрлері қайта түледі. Жаңа дәстүрлерге де жол ашылды".

Жоғарыдағы көңіл қуантар көрсеткіштерден хабардар болған көпшіліктің ендігі назары ректор мен студенттер арасындағы сұрақ-жауапқа ауды. Олай болса ректор баса назар аударған 2010 жылдағы атқарылар мақсат-міндеттерді және өз ұсыныстары жайлы баяндайтын белсенді студенттердің сөздеріне құлақ түрейік.

**Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**



## «Рухани баюға тағы бір жол!»

*Мен үшін 2009 жылдың ерекшелігі ҚазҰУ-дың ректоры Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловтың студенттермен кездесуінің жиі болуымен ерекшеленді. 26 желтоқсанда өткен мәжілісте ректор университет ұжымы мен студенттерін келе жатқан жаңа Барыс жылымен құттықтап, табыс тілей отырып, студенттермен ашық әңгіме өткізді. Жиналыс барысында университет басшысы студенттерге жеті муза қоғамын қайта ашу туралы ұсыныс тастады. Ертеде 1965 жылы құрылған қоғамның жұмысы алты алашқа белгілі Ермек Серкебаев, Асанәлі Әшімов, т.б. сияқты қоғам қайраткерлерімен, тіпті, Мәскеу театрының әртістерімен жүздесу ұйымдастыру арқылы тарих беттерінде қалған. Кешегі күннің еншісіндегі жақсы дәстүрдің бүгінмен үндесуіне үлкен мән беріп келе жатқан Бақытжан Тұрсынұлы бастамасын іске асыруға студенттер қысқы демалысынан орала салысымен кірісті. Олардың жұмыс жоспары осы айдың 29 жұлдызында Ғ.Мүсірепов атындағы жастар және жас өспірімдер театрына барып, театр әртістерімен ой бөлісуден басталмақ.*

*Жеті муза — жеті бағыттағы алып өнерлер жиынтығы. Ол — арманның асқақ шыңдарынан құралған поэзия, "құлақтан кіріп бойды алар әсем ән", мың айналып, мың бұралған би өнері, халқымыздың қасиетті шешендік сөздері, мың адамнан құралған бір дыбыс — халық аспаптарымен өнер көрсету және де жан сұлулығын қолмен жеткізетін қыл қалам шеберлігі. Бұл орталықты университет белсенділері мен көптеген жыр кештерінің лауреаттары, ақындар қолға алды. Бұл жаңалықты естіген көкірегінде оты бар, бойында қажымас қайраты бар студент қауымы осы бағдарламаны асыға күтуде.*



**Рауан ШУАҚБАЕВ, журналистика факультетінің 1 курс студенті**

## «Мұражай – әрқашан қонақжай!»

*Тәрбиесіз алынған білімнің жемісі аз болары анық. Сол себепті университетімізде тәрбие жұмыстарына үлкен назар аударылып келеді. Әрқашан тек маман дайындау ғана емес, сонымен бірге, адам тәрбиелеуге шақыратын университет ректоры, академик Б.Т.Жұмағұлов 2009 жылды «Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі» департаменттің жылдық есебін тыңдаумен қорытындылады.*

*Университетіміздің мерейтойына орай, оқу ордамыздың 75 жылдық тарихынан сыр шертетін университет тарихы мұражайы ашылғаны баршамызға белгілі. Үш айдан астам уақытта салынып үлгерген мұражайға қазіргі таңда қазақ зиялыларының қатарынан көрінетін университет түлектері, шетел азаматтары қонақ болып кетті. Сондай-ақ, өзіміздің оқытушылар мен студенттердің университет тарихына қызығушылық танытып, мұражайдың экскурсиялық уақыттарына жазылып жатқандары да бар. Дегенмен, студенттердің мұражайға келуі — әлі де болса, бәсеңдеу. Міне, дәл осы мәселе де ректор назарынан тыс қалмағаны сүйсінтті. Қуантарлық жағдай, студенттердің мұражайға баруының баяулығы — тек жаңа жылға дейінгі көрініс. Осы жұмыстың оң нәтижесін танытуға сол күннен-ақ кіріскен мен мына жайды айтқым келеді: қазір мұражайдың экскурсия уақытына жазылуға бос орын таппайсыз!*

*Ендеше, құрметті ҚазҰУ-лық, өз еліңнің лайықты азаматы болу — оның тарихын білуден басталады, ал, кешегі тарихты білу — ертеңгі болашақтың бас қадамы! Сондай нақты кадамдардың бірі — Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына арналған «Ардагерлерге тағзым!» атты мерейтойлық стартты — 28 қаңтарда бүкіл студенттер қауымы өз факультеттерінің тарихымен байланыстыра отырып бастайды. Мерейтойлық шара жыл көлемінде мазмұнды мерекелермен толығып отырады.*



**Сандуғаш КАРТАЕВА, халықаралық қатынастар факультетінің 4 курс студенті**

## «Студенттердің әлеуметтік жағдайы ескерусіз қалмады»

*Өткен жылдың қорытынды жиналысында ҚазҰУ ректоры Бақытжан Тұрсынұлына студенттер тарапынан бірқатар ұсыныстар айтылды. Оның қатарында асханалардың қызмет көрсету деңгейі мен сапасын жақсарту мәселесі де болған. Бұл жағдайға ерекше назар аударылып, асханалардың санитарлық жағдайы, тамақ сапасы мен бағасы туралы біраз пікірлер де айтылды. Отырыстың нәтижесінде, ҚазҰУ белсенділері жаңа жылды "әл-Фараби атындағы ҚазҰУ асханаларын тексеру комиссиясын" құрумен бастады. Аталмыш комиссияны «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы Арайлым Өмірбекова басқарды. Оның міндеті ҚазҰУ-дың барлық асханалары мен буфеттерінің санитарлық нормаларға сай болуын, безендірілуін, тамақ сапасы, салмағы мен бағасын, ыдыстар сапасын, асханалардың қызмет көрсету деңгейін және тағы басқа талаптар бойынша тексеру жұмыстарын жүргізу болып табылды. Студенттердің қысқы демалысынан кейінгі аз ғана уақыт ішінде аталған комиссия университетіміздің тамақтандыру комбинатына, экономика және бизнес факультеті мен биология факультеттерінің асханаларына тексеру жүргізіп үлгерді. Нәтижесінде асханалардағы ыдыстар мен үстелдер тазалығына, тағамдардың қажетті деңгейде жылы болмауына, асхананың безендірілуіне байланысты ескертулер айтылып, мынадай бағалар қойылды: тамақтандыру комбинатына 3,8; экономика және бизнес факультетінің асханасына 3,5; биология факультетінің асханасына 3,3. Яғни, әр факультеттің асханаларына әлі де болса, бақылау мен қадағалау шаралары жүргізілуі керек.*

*Ендеше, асханаларды тексеру комиссиясының жұмысы өзінің оң нәтижесін беріп, университетіміздің асханалары болашақта ең әсем, тағамы дәмді, санитарлық нормасы жағынан таза деңгейге көтеріледі деген сеніммен комиссия жұмысына сәттілік тілейміз!*



**Алмас ӘБДІКӘРІМ, халықаралық қатынастар факультетінің 2 курс студенті**

Заседание

# Об имиджевой концепции КазНУ

**19 января 2009 г. на расширенном заседании ректората был обсужден проект имиджевой концепции КазНУ им. аль-Фараби. Проректор по языкам и воспитательной работе Ш.Е. Джаманбалаева, представившая вниманию присутствующих основные положения концепции отметила, что основная цель управления имиджем вуза заключается в трансформации его в конкурентное преимущество.**

Для того, чтобы эта работа осуществлялась системно, планомерно и на научной основе необходимо принять базовый документ, который бы определял единую политику и подходы в формировании имиджа КазНУ, а также приоритеты в сфере взаимодействия со СМИ как важнейшим инструментом формирования, распространения и продвижения имиджа КазНУ. Таким документом призвана стать новая имиджевая концепция, в которой определены цель и задачи в области продвижения имиджа КазНУ, структура имиджа, описывается специфика университета как бренда, а также обосновывается необходимость разработки фирменного стиля университета.

В своем сообщении Ш.Е.Джаманаблаева привела результаты информационного взаимодействия КазНУ со СМИ в 2009 году. В течение 2009 года в университете было создано 308 информационных поводов для приглашения СМИ. Всего за прошедший год вышло **1747 материалов** о КазНУ, из которых **967 опубликовано** в печатных изданиях и **780 прозвучало** в эфире радиостанций и телеканалов.

Если сравнивать количество опубликованных в СМИ материалов по годам, то в 2008 г. вышло материалов в 2,7 раза больше чем в 2007, а в 2009 г. в 1,6 раза больше, чем в 2008 г.

Освещение в СМИ охватывало практически весь спектр деятельности университета. Наиболее широкое освещение получили события в сфере научной жизни университета. Свыше **300 материалов** в СМИ были посвящены науке КазНУ, в частности конференциям, форумам молодых ученых, научным открытиям наших ученых. Далее по наибольшему количеству материалов следуют общественно-культурные события, происходящих в стенах университета. Большое внимание СМИ привлекли студенческие общественные организации КазНУ, их активной работе было посвящено **172 материала** в прессе и на телевидении. В **167 материалах** СМИ были освещены учебный процесс, новые образовательные технологии и профориентационная работа вуза. Большую долю составляют также различные комментарии и экспертные сообщения и заключения ученых университета. Далее следуют международная деятельность, отклики на выступления главы государства, спорт и другие направления.

Основными информационными партнерами университета стали национальное информационное агентство ***«КазИнформ», телеканалы «Хабар» и «Казахстан»,, газеты «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Айқын», «Алматы ақшамы», «Литер», «Алаш айнасы»***.

По инициативе пресс-службы в этом году для освещения событий университет широко использовал новый информационный ресурс - прямые телевизионные эфиры на ведущих каналах страны. В этом году в «прямых эфирах» телеканала ***Хабар*** («Көзқарас») и ***Казахстан*** («Таңшолпан») приняли участие около 25 ведущих профессоров и специалистов университета. В 2009 году пресс-службой университета налажено сотрудничество с авторскими телевизионными программами и тележурналами, как ***«Е-волюция»*** (Хабар), ***«Наука» и «Образование»*** (Caspionet), ***«Оркен»*** (СТВ), в которых регулярно показывают сюжеты о новых технологиях и достижениях в КазНУ.

В целях дальнейшего усиления работы со СМИ и реализации имиджевой концепции был предложен ряд мер, направленных на активизацию деятельности всех структурных подразделений и их руководителей в продвижении имиджа университета. Среди них – *разработка критериев оценки имиджевой деятельности факультетов; вовлечение в активное продвижение имиджа КазНУ руководителей научных проектов и победителей конкурса «Лучший преподаватель КазНУ» и «Лучший преподаватель вуза»; усиление роли факультета журналистики как центра делового сотрудничества со СМИ, создание пресс-клуба КазНУ и другие.*

По результатам обсуждения данного вопроса, членами ректората были утверждены имиджевая концепция КазНУ и план мероприятий по ее реализации.

**Соб.корр.**

Сауалнама

# ЕҚЫҰ төрағалығынан НЕ КҮТЕСІЗ?

**2010 жыл біздің ел үшін өте ерекше. ЕҚЫҰ-ның төрағалық тізгіні Қазақстанның иелігіне өтті. Төртеуді түгендеп, төбедегіге қол жеткізер уақыт бұл. Алтаудың аласын ажыратып, әлем ынтымағының мерейін үстем ететін, қауіпсіздікті нығырлай түсетін кезең де осы шақ.**

**Бірнеше ұлт өкілдерінің басын қосқан татулықтағы өмірімізді әлем алдына үлгі етудің нақты уақыты туды.**

**Негізінен Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі бұл ұйымға 1992 жылдың қаңтарынан бері мүшелік етеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ЕҚЫҰ-ның Хельсинкиде (1992 ж.), Будапештте (1994 ж.), Лиссабонда (1996 ж.) және Ыстамбұлда (1999 ж.) өткен саммиттерінің жұмысына мүше ретінде қатысып жүрді. Ал, бүгінде мемлекетіміз бұл ұйымға төраға болып отыр.**

**Еліміздің сындарлы саясатының сынға түсер тарихи сәтін еліміздің барлық өңірлерінде біріге талдап, нәтижелі басшылық атқаруға жұмыла кірісуде. Осы орайда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары да өз көзқарастарын бұқараға жеткізді. Әр түрлі ғылымның өкілдері Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығынан өз салаларына қандай өзгерістер мен өрлеу күтетіндігімен бөлісті.**



**Қ.Е.БАЙЗАҚОВА, т.ғ.д., халықаралық қатынастар және ҚР сыртқы саясаты кафедрасының профессоры**

## «Халықаралық сенімнің жемісі – ЕҚЫҰ төрағалығы»

2010 жыл Қазақстан Республикасының сыртқы саяси беделін, халықаралық байланысын нығайту үдерісіндегі маңызды кезең болып отыр. Халықаралық қоғамның Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы жайлы шешімі жас мемлекеттің жетістіктерін, оның аймақтық және ғаламдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қосқан үлесін мойындау дегенді білдіреді.

Төрағалықтың алғашқы күндерінен-ақ Қазақстан өзінің бейбіт түрде даму тәжірибесін байқатып, төрағалығының ұраны ретінде төрт басты бағытты ұсынды. Олар: Сенімділік (Trust); Дәстүрлер (Tradition); Транспаренттілік (Transparency); Толеранттық (Tolerance).

Бір ерекше тоқталарлық жайт, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету кезеңі бірнеше атаулы оқиғалармен тұспа-тұс келіп отырғандығы. Мәселен, 2010 жыл ЕҚЫҰ-ның Хельсиндік Қорытынды актісіне қол қойылғанына 35 жыл және «Жаңа Еуропа үшін Париж Хартиясына» қол қойылғанына 25 жыл мерейтойларымен ұштасып жатыр. Бұл дегеніміз жауапты кезеңде басшылық тізгінінің біздің елге тапсырылуы – Қазақстанға деген халықаралық үлкен сенімнің айғағы. Осы орайда, халықаралық қатынастар факультеті елдің тарихындағы маңызды оқиғаны зор жауапкершілікпен қарсы ала отырып, Қазақстанның сыртқы саяси құрылымдарына дипломатиялық кадрлар дайындауға, ЕҚЫҰ-мен ынтымақтасу бойынша тәжірибелі ұсыныстар құрастыруға өз үлесін қосуға дайын. Тіпті, алғашқы бастамалар көрініс тауып жатыр десекте болады. Мысалға, халықаралық қатынастар факультеті ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ мен ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Орталығымен бірлесе отырып «2010: Қазақстан – ЕҚЫҰ төрағасы» атты үш жылдық жобаны жүзеге асыруға қатысуда. Төрағалыққа қосар үлесіміздің куәсі ретінде алда тағы да бірнеше шаралардың жүзеге асуына ықпал етпекпіз.

## «ЕҚЫҰ-ға төрағалық - әлемдік оқиға»



**Ш.С.ҚАЛИЕВА, арабтану кафедрасының доценті**

Үстіміздегі 2010 жылы Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі еліміздің тек Батыс елдері ғана емес, Шығыс елдерінің алдындағы беделін арттыра түсетіні анық.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Қазақстан Республикасы Таяу және Қиыр Шығыс елдерімен тығыз дипломатиялық байланыс орнатып, халықаралық саясаттың басты бағыттарын айқындады. Сонымен қатар, бұл жылдары еліміздің экономикасына ең үлкен инвестиция әкелген елдердің қатарын шығыс елдері толықтыра түсті. Әсіресе, Сауд Арабиясы корольдігі, Біріккен Араб әмірліктері, Қатар мемлекеті және т.б. Парсы шығанағының дамыған мемлекеттері. Осы орайда, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі жоғарыда аталған елдермен қатар, Жапония, Қытай, Корея, Түркия, Үндістан және басқа да азиялық мемлекеттермен арадағы халықаралық қарым-қатынастарды бұрынғысынан да нығайтып, тереңдей түсуіне ықпал етеді деп санаймыз. Ал, еліміздің көп векторлы саясатының бұл қыры университеттегі шығыстану факультетіндегі білім мен ғылым, мәдениет пен әріптестік байланыстарда жаңа жетістіктерге қол жеткізуге бастайды деп ойлаймын.

Еуропа мен Азияны байланыстырушы «алтын көпір» саналатын Қазақстан мемлекетінің ЕҚЫҰ-ға төрағалығы – әлемдік деңгейде мәні бар оқиға екенін ескерсек, оның табысты жүзеге асуы еліміздің сыртқы саясатына қатысты барлық деңгейде және халықаралық, аймақтық мәселелердің толерантты, нәтижелі шешілуіне мүмкіндік береді. Бұл – демократия мен егемендіктің басты мақсаттары. Жаңа жылдан басталған жаңа қадамға сәттілік тілейміз!

## "ЕҚЫҰ-ға төрағалық жаңа жетістіктер мен белестерге жол ашады"



**Л.Қ. ЕРКІНБАЕВА, з.ғ.д., доцент, табиғи ресурстар және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі**

Жалпы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының тарихында алғаш рет мұсылман мемлекеті басшылық ететіндігін ескерсек, бұл халықаралық қатынастардағы жаңа қайта құру кезеңінің басталғандығын көрсетеді. Қазақстанның соңғы жылдарғы демократия мен адам құқықтарын қорғау саласында жүзеге асырған іргелі реформалары мен егеменді мемлекетіміздің бейбіт сыртқы саясаты, әлемдік және аймақтық қауіпсіздікті қамтасыз ету жүйесіндегі реформалық бастамаларының нәтижесі ЕҚЫҰ төрағалығына алып келді. Қазір бұл ұйымның Қазақстан төрағалығынан күтетіні мол. Қазақстан өзінің бейтарап сыртқы саясатының нәтижесінде барлық дерлік мемлекеттермен жақсы қарым-қатынас орнатып, мүдделер қақтығысына ұрынған мемлекеттердің арасында диалог кеңістігіне айнала алары сөзсіз. Сондай-ақ Қазақстанның халықаралық транспорттық және энергетикалық дәліз жасау идеясы Еуропа мемлекеттерінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін шешуге өз үлесін қосады деп есептеймін.

Өткен жылдарда Қазақстанның жеткен жетістіктері аз емес. Алайда бұл төрағалық жаңа Қазақстанды жаңа деңгейде мойындауға жол ашады. Қазақстанға жаңа қырынан көрінуге мүмкіндік туған кезең. Қазақстан бұл жағдайда әлемдік қауіпсіздік архитектурасының өзгеруіне, оның тиімділігінің артуына септігін тигізіп қана қоймай, жаңаша сипат енгізуге де тікелей ықпал етеді деп күтемін. Бұл төрағалықтан Қазақстанның да, әлемнің де күтері өте көп. Ал, Қазақстанның Азиядағы ең іргелі бастамаларының бірі Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенімділік шаралары Кеңесінің аймақтық қауіпсіздікті қамтасыз етуге бағытталған мықты ұйымға айналғандығын ескерсек, Еуропа қауіпсіздігі мәселелерін қамтамасыз етуге қатысуы да нәтижелі боларына сенеміз.



**А.И.ЛҰҚПАНОВ, ф.ғ. к., саясаттану кафедрасының доценті**

## «Тағылымы мол әріптестік»

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық қызметі – аса зор жауапты миссия. Ванкуверден Владивостокқа дейінгі аумақтың 56 мемлекетін қамтитын бұл ұйымның қазіргі адамзат тарихында маңызы да, беделі де өте жоғары. Міне, осындай атаулы ұйымға төрағалық ету біздің еліміз үшін өте үлкен бедел әрі орасан зор жауапкершілік! ЕҚЫҰ төрағалығы бізге мемлекетіміздің бүгінгі сыртқы саясаты мен оның табанды әрі аргументті дипломатиясы, әлемдік және аумақтық деңгейлердегі маңызды ұсыныстары мен шаралары арқасында келді. ЕҚЫҰ-ның төрағасы сапасында Қазақстан бұл ұйымның үш корзинасының – қауіпсіздік, экономикалық және гуманитарлық өлшемдерінің тепе-тең жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Әскери-саяси өлшемде «Корфу процесінің» сабақтастығын қамтамасыз ету үшін күш салуы тиіс. Қазақстан Ванкуверден Владивостокқа дейінгі кеңістікте қауіпсіздіктің жаңа архитектурасын құруға ат салысады. Қазақстан жауапты басшылық барысында әлемдік гуманитарлық қауіпсіздікті қамту мен Ауғанстанды тұрақтандыруды басымдықтарының бірі деп санайды. Қазақстан үстіміздегі жылы ұйым басшыларының үлкен саммитін, конференциялар мен жоғары деңгейдегі басқа да маңызды шараларды өткізбекші. Қазақстан отыз бес жылдық тарихы бар "Хельсинки рухын" жалғастыруға, қалыптасушы жаңа әлемдік тәртіптің негізгі сұлбасын белгілеуге үлес қосуды әрі қарай ниет етіп отырғаны анық. Бұл ауқымды жұмыс, керек десеңіз, тәуелсіз Қазақстан дамуының сапалық жаңа кезеңінің бастамасы іспеттес.



**А.С.ИБРАЕВА, д.ю.н., профессор кафедры теории и истории государства и права**

## «Развивается правовая политика Казахстана»

Председательствование Казахстана в ОБСЕ благоприятно отразится на развитии правовой политики. Полагаем, что можно выделить несколько направлений:

1. Положительное влияние на законотворческий процесс. Парламент Казахстана как страны – председателя ОБСЕ будет стремиться к принятию качественных законов.

2. В современных условиях Казахстана, когда законодатель испытывает, с одной стороны, сильное давление определенных социальных групп, ведомств, а с другой - дефицит информации о позитивных и негативных сторонах действия принимаемого закона, структуре закрепляемых в нем интересов, нужна переоценка устоявшихся взглядов на проблему лоббизма в законодательстве.

3. Ясность и доступность языка законов – важный показатель правовой культуры законодателя. Однако здесь имеется большое количество нерешенных проблем. До сих пор в Казахстане не создана стройная система подготовки и издания нормативных актов, в целом нет закона детально регламентирующий порядок разработки, обсуждения, принятия этих актов на государственном языке, перевода их на другие языки.

4. Роль парламента в системе разделения властей особая, поскольку именно в парламенте концентрируется общественные интересы, здесь они могут открыто выражаться и преодолеваться. Это делает парламент публичной ареной преодоления противоречий между властями и различными государственными органами.

5. Полагаем, что процесс применения права зависит от того, какая правовая политика проводится в государстве, на какие ценности она сориентирована. В свою очередь, изъяны правоприменительной практики отражаются на качестве ее воплощения в жизнь.

6. Изменение функциональной роли государства в жизни общества и приведение ее в соответствие с общечеловеческими ценностями дают возможность по-новому взглянуть и на роль права в обществе. Правовая либерализация общества требует ныне юридически грамотного поведения, основанного на устойчивом положительном правосознании, навыках правомерного поведения.

7. Сегодня должна быть создана новая правовая политика, включающая в себя грамотную информационную политику государства, направленную на просвещение населения в вопросах права, правовую пропаганду, создание резерва профессиональных юридических кадров. Полагаем, что правовая политика сегодня должна быть сориентирована на следующих основных приоритетах. Это соблюдение прав человека, развитие частного права, обеспечение справедливого и честного правосудия. Реализация этих принципов поможет Казахстану достойно председательствовать в ОБСЕ в 2010 году.

**Дайындаған Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**



# ӨРКЕН



*Газет ішіндегі студенттер газеті*


**Редактор бағаны**

## «Елу жылда ел жаңа»

**«Ескі айда есіркеп, жаңа айда жарылқа» деген тілекті қазақтың жаңа келген жылмен де байланыстырып айтатыны бар. Иә, ескі жылдың да өз орны бар. Біздің университет қабырғасындағы әр түрлі шаралар, мерекелік кештер, студенттер байқауы секілді көптеген аталымды, ауқымды тілге тиек етер дүниелер өткен жылдың қазыналы қорына жиналып, білім кеңістігінің ауқымды екендігін көрсеткендей.**

Сиыр жылында білім шаңырағымыздың 75 жылдық мерейтойы, ел ағаларының жылы лебіздері, қалашығымыздың біраз кеңіп, деңгейін көтергендігі баршамыз үшін мәлім. Ескі жыл ел алғысына бөленсе, жаңа жылдың да әлі берер сыйы мол екені белгілі. Сонымен қатар тағы бір студенттер үшін қуанышты жағдай, өткен жылдың жағымды жаңалығы басшылықтың шешімімен студенттер жаңа жылды өз туған жерлерінде қарсы алу мүмкіндігіне ие болды. Осы қуанышты күткендей-ақ барша студенттер сессияны ойдағыдай тапсырып, ауылдарына асықты. Баршасының жүзінде қуаныш ойнап, көңілдері көктем екендігін таныдық. Қалашық аппақ қарға оранса, үйлеріне арқалана ағылған студенттер асыға басып барады. Ендігі кезекте, барша ұстаздарды, жан сарайын біліммен ашып, елінің ертеңіне елеңдеген жас ұрпақты жаңа күнтізбелік жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Білім бағбаны ұстаз болса, жастар ұлтымыздың болашақ ұлы тұлғалары екендігі айдан анық. Университетіміздің омырауын гүлге толтырып, ажарландырып жүрген осы жастар екендігін тағыда қайталап айтқымыз келеді. Елу жылда ел жаңа демекші, жыл таңдауы өз еншісіне мықтап бойлап, білім шаңырағының көмейі білім мен ғылымға, ән мен жырға бөленіп жастардың ыстық ұясына айналсын.

**Жанат ҚАСЫМБЕКОВА,**
**«Өркен» газетінің Бас редакторы**

# Бізде де Президент, Сенат, Үкімет бар

**ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында «Бүгінгі ұрпақтың жоғары санаткерлік әлеуетке, мол қуат пен мақсаттылыққа ие» екенін атап көрсеткен. Сондай-ақ «Жастардың елдегі реформалардың негізгі стратегиялық қоры, тұғыры және қозғаушы күші екенін» мәлім етеді.**

Бүгінгі жастар ел бірлігінің еменжарқын бейнесін танытып, болашаққа бағдарлы көзқараспен қарай алатын тепсе темір үзер нар тұлғалы жігіттер мен аялы алақанды, өз ісіне мығым арулар қатарымен толыққан. Бүгінгі таңда басшылықтың деңгейі, алар орны жастармен жаңарып, қоғамдық қызметтер өз деңгейін көтеруде. Оның себебі, олар жаңа оймен, тың серпіліспен, өмірге деген құштарлықпен келіп, өз ісінің маманы екендігін көрсетіп жатады. Бәсекеге қабілетті болу - білім, ғылым, тәрбие жағынан жоғары деңгейге жету. Осыны ескере келген Елбасымыз «Білім мен ғылым әрқашан даму мен жетілуді талап етеді», деп атап өткен. Қазақстанның бұл бағыттағы тәжірибесі ешкімнен де кем емес. Қазақстан жастары - ел ертеңі, оның келешегі. Білімді де білікті жастар еліміздің ертеңгі тірегі. Сондықтан ел ертеңі жастардың қолында. Осындай түйінді де, өзіндік маңызы бар сөздер дәл ҚазҰУ жастарына айтылса керек. Олар да Президент, Үкімет, Сенат секілді жоғары басшылықтың тізгінін ұстап отыр. Кішігірім атаулары арқылы ауқымды жұмыстар атқарады. Олар да үлкендердің ізін қуып, мәселенің мәнісін ақылмен, өзіндік пікірмен шешеді. Президент болып, жолдаулар мен нұсқаулар беріп, үкімет болып билік басында ауыс-түйістер орын алса, Сенат болып жастардың қоғамдық ортасын басқарады. Бұл жастардың қыз-қыз қайнаған ордасы әрі ортасы болып табылатын Жастар комитеті. Жастар арасындағы әртүрлі кездесулер, университеттің тыныс-тіршілігі, шешімін табар күрделі мәселелер осы ұйымның басшылығымен шешіліп, іске асады. Оқу ордамыздың бас ғимараты, 13-қабат жұмысбасты, қоғам өміріне бей-жай қарай алмайтын студенттердің жұмыс орны. Басшылары Меңдігүл Ноғайбаева да өз ісіне мығым, жастарды бес саусақтай біріктіріп, өз алдына тәрбие жолын нұсқап отырған жайы бар. Қоғамның белсенді топтарын жастар комитетінің шаңырағына топтастырып, баршасымен сәтті жұмыстар атқаруда. Бұл жердегі беделді орын Сенат төрағалығы. Ғайни Серімнің басшылығымен осы уақыт аралығына шейін жанданған ұйымның жуық маңда жаңа басшысы сайланды. Таңдау демократиялық сайлау арқылы жасалды. Сайлауға екі жақты пікірмен, жастар деңгейін, қоғамның белсенділігін арттыру керек деген салада екі жақты оймен екі үміткер сынға түсті. Бірі философия факультетінің 3-курс студенті Нұрсұлтан Құрманов болса, екіншісі экономика факультетінің 3-курс студенті Асфендияр Куршенов болды. Сайлау барысында, жоғары оқу орындарының маман даярлау мәселесі, студенттердің инновациялық жобаларын жүзеге асыру, ортақ ғылыми жұмыстарға қатысу, жастардың азаматтық борышы мен патриоттық ұстанымдарын дамыту, жастар ұйымының және белсенді студенттердің қоғамдық ортаға атсалысу рөлі қаралған болатын. Сайлау сараланып, қызу талқыланған мәселе өз шешімін тауып, озық ойлы, ұтымды пікірімен Асфендияр мәреге жетіп, өз орнына тұрақтады. Бұл жаңа жыл алдында өткен сайлаудың көрсеткіші. Оң пікір орайын тауып, енді Асфендияр Куршенов талмай белсенді жастармен үздіксіз қызмет атқармақ.



**Жанат ҚАСЫМБЕК**

**Мереке**

# Жыл қорытындысындағы сенат серпілісі



**Әр жылдың өз несібесі болады. Сиыр жылы университетіміздің әрбір студенті үшін ерекше өткені сөзсіз. Соның ішінде Студенттер Сенатының белсенді мүшелерінің есінде мәңгіге қалмақ. Қызығы мен шыжығы алмасқан осы бір студенттік өмірдің нағыз дәмін татып жүрген белсенді жастар осы жылда «Студенттік көктем», «ҚазҰУ аруы», «Студенттер құрылыс жасағы», «Мерейтойыңмен, сүйікті ҚазҰУ!» студенттік фестивалі, «75-жылдық мерейтой» секілді мерекелік кештерді өз дәрежесінде өткізуге үлестерін аянбай қоса білді.**

Міне, сиыр жылы да өз мәресіне келіп, барыс жылы да табалдырықтан аттады. Ал Студенттер Сенатының белсенді мүшелері болса қызу жүріп жатқан сессиялық кезеңге де қарамастан күнделікті қоғамдық жұмыстарын жалғастыра түсті. Бұл жолы тек өздері үшін тер төге білді десек артық айтқанымыз емес. Шынында да өзара бас қосып, көңілді көктем етер шаралар ұйымдастыру арқылы студенттік өмірлерін думанға бөлеп жүрген жастар қауымы үшін бұл үлкен қуаныш екендігін баса айтқымыз келеді. Университеттің бетке ұстар жастарының жаңа жылды ҚазҰУ қалашығында алғаш бастап тойлауы — олардың туған университетіне деген сүйіспеншілігін, ыстық ықыласын аңғартса керек.

Жаңа жылдық жарқыраған кешке әсем бейнелі костюмдер киген сырбаз серілер мен айырықша ажарланған ханшайымдай қыздар тамылжыған әуенге дөңгелене билеп шыға келгенде, өзге бір әлемде жүргендей әсерде қалдық. Кеш алғашында ортағасырлық кезеңді еске түсіріп, ҚазҰУ қалашығының патшалығын қарсы алудан басталды. Кейіннен патша өзге әлемге, яғни Студенттер Сенатының жаңа жылдық думанына тап болады. Дәл осы жерде елін таппай, адасып жүрген саяхатшылармен жолығады. Ешқайсысы бұл жерге қалай келгенін білмей дал болып тұрғанда, патша глобустан әркімнің өз елін табуды ұсынады. Осылайша келген қонақтар Қазақстан, Қытай, АҚШ сияқты көптеген мемлекеттердің жаңа жылды қалай тойлайтындарына куә болды. Көтеріңкі көңіл-күй сыйлауға талай сайыстарда топ жарып жүрген «Ұлттық құрама» мен «Сенсация» КТК(КВН) командалары үлес қоса білді. Белсенді жалындаған жастар әсем әуен, көркем бимен сахнаны әрлеп, бойдағы бар өнерімен келген қонақтарды тәнті етіп, көңілдерін көтеруге тырысты. Мерекелік думанның соңы би кешіне ұласты.

**Индира АНДИРОВА,**
**филология факультетінің 3 курс студенті**

Пікір



Ардак КҮЛТАЙ, филология факультетінің 3 курс студенті

## “Кітап оқу – қасиет екендігін сезініп келдім”

Жаңа жылдың алдында менің өмірімде таңғажайып белестер мен болашағымның тұтқасы болған көптеген кереметтей оқиғалар болды. Елдің болашағы саналатын жастардың арасында білім алып, өмірді танып жатқан кезім бақытты күндерім деп санаймын. Болашаққа үлкен үмітпен қараған біздің алдымызда биік асулардың күтіп тұрғаны анық. Киелі ордадан түлеп ұшар біз секілді ұрпақының бойына ҚазҰУ келешекке сеніммен қарау идеологиясын қалыптастырып, жаңаша көзқарас үндеп жатқан секілді. ҚазҰУ студенттерінің жаңа жылдық кеші де өте қызықты өтіп, біз үшін өміріміздегі ұмытылмас сәтке айналып, баршамыз тәнті бола қуандық. Шындығында, бұл келелі нәрсе. Айқындап айтар болсақ, қоғамдық жұмыстарға үзбей қатысып, қызығы мен қиындығын бірдей көріп жүргеніміз рас. Осы істер бізді сөзсіз асқақ арманға жетелейді. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», – деп қазақтың бас ақыны Абай айтқандай, ұлтымыздың іргетасына айналып, келешекте ел сенімін ақтар азамат болып шыңыға түсуімызға үлкен септігін тигізіп жатқаны даусыз.

Қысқы емтихан уақытын әдеттегіден ерте аяқтау арқасында студенттердің үйлеріне қайтып, осы барыс жылын өз отбасында қарсы алуына университет басшылығының мүмкіндік беруі – бізге көрсетіліп отырған үлкен қамқорлық, сый-құрмет дегім келеді. Ендеше, студенттер бұл қысқы демалысты жылдағыдан ерекше өткізген шығар деген ой туындайды. Әрине. Мен де ата-анаммен сағыныса қауышып, туған елге, жерге деген мауқымды басып келдім. Жаңа оқу жылына жаңа ойлар мен тың идеялар арқалап келдім. Оқуға жаны құмар филология факультеті студенттерінің көркем әдебиетке қызығушылығы соншалықты, тіпті кітаптан бас алмайды емес пе? Ата-баба сөзінен бойына рухани азық жинап қана қоймай, оны санада қорытуды да үйренгені қуантады. «Өткенді біліп болмай, болашағыңды болжай алмайсың» дейді халық. Расында, елдің тарихы, әдебиеті және тілі – ең бірінші орында тұрар құнды жәдігерлері. Сондықтан да үш апталық демалыста бір күнін де бос жібермей, көркем әдебиет оқуға бар ынтамды салғандардың бірі менмін. Осы демалыста тіл байлығым арта түсіп, ой өрісім біраз кеңіп келген секілді.

# Қысқы демалысты қалай өткіздіңіз?

Қыс мезгілі мінезінің қаталдығына қарамастан, аппақ нұрға малынған табиғи сұлулығымен дараланып, барша адамзаттың пәк көңілін ақ ұлпа қардай сұлуландыра түсетін де қыры бар. Әйнектердегі әсем өрнектерді көргеніңізде табиғаттың шеберлігі қандай көркем деп таңдай қағасыз! Алабұртқан таңдарда ақша қармен астасып, көңілдің көкжиегін мерейлендіретін бұл мезгілдің көркі өз алдына бір ғаламат! Тазалық пен пәктіктің белгісін танытып, ажарын аша түсер маусымның да өз келбеті бар. Жылдың бұл мезгілі студенттер қауымы үшін таптырмайтын қызықты бал дәуреннің қайта оралмас шақтары – “Қысқы демалыс маусымымен” ерекшеленеді.

Қысқы емтихан басталып, студенттер демалысты асыға тоса жүріп, ауылын сағына, тезірек үйге кетудің амалын қарайластырады. Әттең сессия...

Осы ойымызды оқып қойды ма, қысқы емтихан уақыты да ерекше болды. Басшылық тарапынан айтылған «Әр студент жаңа жылды өз отбасында қарсы алсын» деген жарлығынан кейін баршасының жүзінде қуаныш ұялады. Иә, ол қуаныш жаңа жыл басталмай үйге жету, мерекені жанұямен бірге қарсы алып, қысқы демалысты алаңсыз өткеру деген секілді ойлармен ұштасқан еді. Біз ойлап үлгергенімізше үйді-үйлеріне жол тартқан студенттер қауымын көзіміз шалды. Жиырма күнге жуық демалып, туған жер төсінде алаңсыз аунап-қунаған ҚазҰУ студенттерінің жүздері бал-бұл жанып, білім алып жатқан қалашықтарына қайта оралды. Тәтті ойдың құшағында тербелген біздің студенттер қысқы демалысын қалай өткізді екен? Біле отырсақ...



Пернегүл ЖҰМАБАЙ, биология факультетінің 4 курс студенті

## «Өз үйім – өлең төсегім»

Ес біліп, етек жинағаннан бастап, мектеп табалдырығын аттау балалық арманымыз болса, ал, мектеп қабырғасын тәмамдап, болашаққа құлаш сермеу әркімнің, әр пенденің өмірлік арманы екені даусыз.

Арманы орындалып, студенттік өмірге қадам басу да екінің бірінің қолынан келе бермейді. Студенттік кезең ең қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін нағыз есте қалатын қайталанбас шақтардың бірі емес пе?!

Осы бір қайталанбас кезеңнің демалысын қызықты өткізу біздер үшін естен кетпес дүние. Әр демалыстың, әр мерекенің өзіндік ерекшілігі бар. Көпшілік студенттер қысқы демалыс пен жаңа жыл қарсаңын өте қызықты әрі есте қаларлықтай өткізгіміз келетіні белгілі.

Арамызда өз еліміздің ғана емес, басқа ұлт өкілдерінен достарымыз және де қандас бауырларымыздың білім алып жатқаны баршамызға аян. Олар үшін де, мен үшін де жаңа жылды қарсы алу, демалысты жаңа досқұрбыларыммен қызықты өткізу нағыз естен кетпес шақтардың бірі болды.

Мен өз елімде, «Өз үйім – өлең төсегім» демекші, отбасымызбен, аға-бауыр, туған-туыс, дос-жаран, іні-қарындастарыммен, сонымен қатар, әу баста-ақ батасын беріп, білім ордасына шығарып салған, қайда жүрсем де Алладан менің амандығымды тілеп отырған ата-анаммен бірге демалысты барынша қызықты өткізуге тырыстым. Үш апталық демалыс мерзімі де өте шықты. Туған жерді, аяулы ата-анамды қимасам да, университет қабырғасындағы соңғы жыл екендігі есіме түскенде арайлы Алматыға асықтым. Соңғы курстың демалысы өте қызықты өтті.

Кез келген студент достарымыз әр демалысын дәл мен сияқты өткізгеніне сенімім мол.



Жадыра ЮСУПОВА, биология факультетінің 1 курс студенті

## «Ұмытылмас күндерім...»

Міне, қызық пен қуанышқа толы менің өмірімдегі 4 ай да өте шықты. Осы уақыт ішінде мен өзімді жанжақты көрсетуге тырыстым. Айналамдағы адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатып, тіл табыса білуді көздедім. Алайда, менің ҚазҰУ-дағы алғашқы күндерім қиынға түсті. Өйткені, мен өз ауылымды, ата-анамды, бауырларымды қатты сағындым. Өзіңнің бауыр басып қалған адамдарыңмен қоштасу, олардан алыста болу өте қиын екендігін түсіндім. Қыркүйек айынан бастап желтоқсан айына дейінгі аралықта менің өмірімде көптеген өзгерістер болды.

ҚазҰУ-ға түсіп, дұрыс таңдау істегеніме күмәнім жоқ. Өйткені, ҚазҰУ – қазіргі таңдағы барлық талаптарға сәйкес келетін және де адам өміріне қажетті мамандықтарды оқытатын білім ордасы. Әр студент қара шаңырағымызда білім ала жүріп өткізген әрбір қызықты кезеңін ешқашан ұмытпайтыны сенімім мол. Мектеп қабырғасын бітіріп, осы ҚазҰУ-дың студенті атанған сәт – мен үшін ең бақытты, қайталанбас шақтардың бірі екені даусыз. ҚазҰУ студенттердің өміріне қажетті барлық жағдайларды жасайды, оларға сапалы білім береді.

Қазір менің ішкі дүниемде сөзбен айтып жеткізуге болмайтын толқулар болуда. Оны қағаз бетіне түсіру мүмкін болмас. Қысқы демалысты барынша жақсы өткізуге тырыстым. Ескі достармен сыр шертісіп, балалық шаққа біраз саяхат жасадық. Сезіміме сезім қосқан бұл мезгілдің де сиқыры – өзінше бір керемет құбылыс. Сол мезеттерде ойлана отырып, жатақханадағы достарымды да сағындым.

Қысқы демалысымды өз отбасымда өткіздім. Менің ойымша, өзіңнің ата-анаңнан, бауырларыңнан қымбат ешкім жоқ. Жанұямызда дәстүрлер көп. Солардың біреуіне нақтырақ тоқтап кетейін жөн болар. Жаңа жылдың басталуына 10-15 минут қалған кезде барлығымыз шыршаның маңына жиналып, бір-бірімізге арналған сыйлықтарды ашып, жақсы тілектер айттық. Бір жағынан, ата-анамның жанынан табылсам, екінші жағынан, достарымның да көңілін аулағаныма өзім іштей қуандым.

**P.S.** Жаңа жылдың алдында ҚазҰУ қалашығы мүлгіген тыныштықта болған. Демалыс кезінде жатақханалардың да бір-екі терезесінен ғана шам жарығы көрінетін. Бұл барлық студент үйлеріне қайтқандығын аңғартқандай еді. Сабақ басталғалы қалашық қызу тіршілігін қайта жандандырды. Бір-бірін сағыныса құшақтап, қауышып жатқан қыз-жігіттер. Жатақхана маңы өзара даурығыса әңгіме-дүкен құрған жастарға толған. Гу-гу ағылған көліктер, бір-бірін қолтықтай, жарасқан қос ғашық бәрі-бәрі назардан тыс қалмайды екен. Осындай көріністерден кейін, асыға-аптыға тосқан демалыстары қызықты өткендігін аңғардық. Бірі қалаға, бірі шалғайдағы ауылға, енді бірі достарымен бөтен қалаға қыдырыстап қайтуды көздеген студенттер енді-енді қысқы демалыстың қызығын бастан өткеріп, келіп жатыр. Бұл студенттік өмір не десек те, бақытты шақ екен-ау!!!

Дайындаған Жанат ҚАСЫМБЕК

Тұсаукесер

## ҚазҰУ студенттері БАҚ-ты бағындыруда

**Қаңтар айының 27 жұлдызында тұңғыш рет Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ректор Бақытжан Жұмағұловтың нұсқауымен Студенттік баспасөз орталығының тұсаукесері өтті.**

Орталықтың негізгі мақсаты – ҚазҰУ студенттері мақалаларының газет беттерінде жарық көруіне көмектесу, еліміздің теле-радио корпорацияларымен байланыс орнату және университетіміздегі теле-радио студиясымен бірлесе отырып, қоғам өміріндегі өзекті мәселелерге бейнероликтер түсіру. Қуанышты бір жайт, әр факультеттің белсенді студенттері алғашқы сәттенақ өздерінің ынта-жігерлерін танытты. Сол 37 студенттің міндеті – БАҚ-пен байланыса отырып, студенттерді тың ақпараттармен таныстыру. Орталықтың жиналысы әр аптаның сәрсенбі күні Студенттер сарайының руханият залында өтеді. Барыс жылында алар асуың асқар болғай, ҚазҰУ-ым!

**Асқар ӘМІР-БЕК, заң факультетінің 1 курс студенті**

Новости

## Не было бы праздника, да кредитная технология помогла

Студенты КазНУ после долгих и по настоящему новогодних каникул вновь приступили к учебе. После «долгих» – потому что впервые студенты университета отдыхали больше обычного, почти три недели. А по настоящему «новогодних» – потому что они впервые встретили новый год в кругу своей семьи. Новогодние каникулы стали самым лучшим подарком для студентов. Во-первых, встретили праздники дома с родными и друзьями, и к тому же удалось родителям хоть недолго, но помочь в домашних делах. Да и экономическая выгода налицо. Ведь все равно хотелось встречать новый год дома, и не секрет, что многие уезжали домой на один-два дня между экзаменами, а потом, преодолевая непогоду и атакуя билетные кассы, спешили успеть к следующему экзамену, который, как правило, ставили сразу в первый день после праздников.

К слову сказать, этот подарок студенты нашего старейшего вуза сотворили собственными руками. Они не раз выходили к ректору Бакытжану Жумагулову с предложением о том, чтобы зимняя сессия заканчивалась чуть-чуть пораньше, до новогодних праздников. Однако изменить учебный процесс оказалось делом непростым, и руководству вуза пришлось изрядно потрудиться, над решением этой задачи. Наконец, решение было найдено. Благодаря внедрению кредитной технологии это новшество не нанесло ущерба учебному процессу, не сократило продолжительность учебного семестра, а студенты все же получили долгожданные праздники и дополнительную неделю к каникулам.

Новость об этом новшестве в КазНУ быстро разошлась в студенческой среде. И в прессе уже сообщают о том, что теперь студенты других алматинских вузов обращаются к своим ректорам последовать примеру КазНУ. И, может, уже в следующем году для студентов и других вузов Казахстана новогодние каникулы так же будут ассоциироваться с Новым годом, а не с зимней сессией.

Как говорится, с почином!

**Прес-служба КазНУ**

Поэзия

# Жыр өңірінің дүлдүлдері

**Университетіміздің ақын студенттері Семей педагогикалық университетінде өткен елінің жарқын болашағы үшін Желтоқсан құрбаны болған Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековті еске алуға арналған «Қайрат рухы» атты республикалық жыр мүшәйрасына қатысқан болатын. Аталмыш мүшәйрада филология факультетінің 2 курс студенттері Қайсар Қауымбекұлы мен Арықбай Бағашар және журналистика факультетінің 3 курс студенті Олжас Қасым өз бақтарын сынап көрді. Ақтық сынға сүрінбей өткен ақындарымыз жүлделі орындарға ие болды. Өлеңдері «Теңізге ғашық бұлақтар», «Өрт ең», «Тас бұлақтың сыңғыры», «Жез қоңырау» жыр жинақтарына енген Қайсар Қауымбекұлы ІІ орынды, Олжас Қасым ІІІ орынды қанжығаларына байласа, Арықбай Бағашар ерекше талантымен көзге түсіп, мүшайраға қатысқаны үшін номинациясымен марапатталды. Сол ҚазҰУ-дың намысын қорғаған ақындарымыздың жүлделі жырларын назарларыңызға ұсынамыз.**



**Қайсар ҚАУЫМБЕКҰЛЫ**

**АЙҚАСҚА ҚҰЛЫН**
*(Қайрат Рысқұлбековке)*

Қайғы қылыштың ай жүзін бойлап,
Тайғанап жатты тамшы қан.
Қазақтың көгін қайғы мұң жайлап,
Жүрегін мұжіп, жаншыған.

Талпынып барып, балапан ұлдың
Ішінде кетті бір мұңы.
Қаралы байрақ,
қараша ауылдың,
Қайрылмай қалды түңлігі.

Ызалы дауыл қозғады кекті,
Оған да талай көз дәлел.
Бодан боп қыршын боздағы кетті,
Бозінген болып боздады ел.

Қызғалдақ қырға түсті бұлт төніп,
Қыршылып жатты гүл – қыздар.
Жыландай көктен ысқырып келіп,
Желтоқсан шашып тұрды ызғар.

Қан аңсап келіп ұмтылды білем,
Қанішер заман қасқыры.
Еркіндік үшін бұлқынды кілең,
Жәудір көз бота, жас құлын.

Өтінде сол сәт құйынды желдің,
Ай тұяғынан ұшып от.
Құрбандығы үшін үйірлі елдің,
Бір құлын кетті кісінеп.

Өртенді қанша ұлым намыстан,
Үзіліп түсті қанша жас.
Кісінеп туған құлын дауыстан,
Дүркіреп тұрды алты алаш.

Жарқырап туып, жалқы боп келдің,
Көзіңнен қанды жас тамды.
Тәуелсіз күні тауқыметті елдің,
Құлыным, сенен басталды.



**Олжас ҚАСЫМ**

**ҚАНДЫ АЛАҢ...**
*(Қайрат Рысқұлбековтың рухына)*

Шошытқан тіптен ай-күнді,
Қонаев-қоғам жөтелген.
Қазағым сенің қайғыңды
Қанды алаң ғана көтерген.

Намыс та сенде жаңылды
Өмірдің өзі өксіді.
Алты Алаш, сенің зарыңды
Қанды алаң ғана естіді.

Қамшымен ұрып қадірді
Қанша қусаң да бітпейді.
Қарға тамырлым, арыңды
Қанды алаң ғана жүктейді.

Суға батты ма сұмдықтар,
Тамтық қалды ма шерлерден.
Желтоқсандағы шындықтар
Қанды алаң сенде жерленген.

Қаныңды қармен жуа ғой,
Тәуелсіздігім – терминім.
Қанды алаң жалғыз куә ғой,
«Киносын» көрген Колбиннің.

Қайғыңды кімдер түсінеді,
Ойнақтап, күліп ұлым жүр.
Алаңым, сенде кісінеп,
«Желтоқсан» дейтін құлын жүр.

Қанды алаң, тыңда, қал қалай?
Бармайды саған Олжасың.
Басып кетермін аңдамай
Боздақтарыңның көз жасын...



**Арықбай БАҒАШАР**

**ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕКОВКЕ АРНАУ**

Ерлігі үлгі,
Қаблан қазақтың намысы болған ер Қайрат.
Өрлігі үлгі,
Қалың қазақтың арысы болған өр Қайрат.
Үзеңгі досың тартынып сөйлер,
тамұқтай болған тар жолда
«Шепті бұздың айғайлап...»

Алдаспан асынбасаң да,
Наркескен сенің намысың.
Жиырмадан асып кетсең де
Бұқардай болған арысым.

Жырлар ақынның жүрегінен тасып төгілер жыр едің,
Қидасын қарт Алатауымнан асып көрінер күн едің.
Жетпіс жыл бойы қазақтың басын жемсеген
Тәуелсіздікке тіредің.

Құрыққа түскен құлындай, шіркін,
Жырларым тулап бұлқынды.
Сен кеткеніңмен өзің аңсаған
Алшаңдап басар күн туды.

Алты алаштың азалы шерін толағай дауыл толғаған,
Алты арысын азулыдан айбат шашып қорғаған.
Тоқпақ жалды бес қасқаны таңдап мінген жорғадан,
Алпамысым – сен Қайрат.
Қаруы жай болмаса да,
Мінезі – тарпаң, пейілі – дархан
Қаным да менің тулаған.
Ар-намысым – сен Қайрат!



**Дайындаған**
**Назым ТӨЛЕЕВА,**
**Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім бастығы**

Проза

# Алдымнан шыққан алғашқы махаббат

...Пойыз жүйткіп барады. Қысқы демалыс кезі. Алып ұшқан сағыныштың сарқылмас сазымен ауылға асығып келем. Туған жердің алыстан мен мұндалап самаладай жарқыраған шамдары қуанышымды кеудеме сыйғызбай тіптен асықтырады.

Міне, ауыл шеті де көрініп, терең тыныс алған пойыз діттеген жеріне аялдады. Жүрегім аузыма тығылып, өскен өлкеме де келіп жеттім. Иә, сол баяғы көзкөрген көшелер мен қатар тізген үйлер. Еш өзгеріссіз. Бәрі-бәрі менің балғын шағымның, алғаш тұтанған сезімімнің куәгерлері.

Қыс! Мен сенің қақаған суығыңды, жер бетіне нәр берген ақ ұлпаңды, қытымыр, суретші аязыңды сүйемін. Мен өзіңнің қаһарлы күндеріңнің бірінде жарық дүние есігін аштым. Балдай тәтті күндерімнің сүйікті мезгілі болдың. Екі бетім алмадай боп сырғанақ тепкенді ұнатушы ем. Сол сыры мен сиқыры мол сәттерінде жалындаған алғашқы сезімімді ояттың. Өзгелерге суық болсаң да, мен үшін ыстықсың!

Жүрегімді жаулаған сені кезіктірген кезімде тоғызыншы сыныптың оқушысы болатынмын. Сен мені мүлдем көзге ілмейтінсің. Әрине, байқамайсың! Өйткені, бет-әлпетімді бөкебайым мен қоңырша келген көзәйнегім тұмшалап тұратын. Әттең, балалық!

Бірде сені мектеп жанында достарыңмен бірге көріп қалдым. Сол сәтте өзімнен асқан бақытты жан жоқтай сезіндім. Қасыңнан өте бергенім сол еді, бір досыңның саған: -«Мына



қыз екеуің жарасымды болар едіңдер!»-демесі бар ма! Ал сен болсаң: -«Қойшы, маған аяғы қисық қыздар ұнамайды!»-деп дүрсе қоя бердің. Басымды айналдырған бақытты сезім су сепкендей басылып қалды. Соңыма қарамастан жүгіре жөнелдім. Көз жасымды тыя алмай үйіме жеткенше жыладым. Содан кейін көрінбей кеттің. Ал уақыт болса тоқтаусыз жылжып жатты.

Бір күні кітапхана алдындағы баспалдақтан түсіп келе жатып, сүрінгенімде қолымды әлдебіреу ұстап, демеп қалды. Бұрылып қарасам, сен екенсің. Аз ғана уақыт болса да жанарларымыздың тоғысқан сәті осы ғана еді. Қайырылмастан өз жөніммен кете бардым. Бірақ, қадалған орнында қаққан қазықтай боп үнсіз қалғаның әлі есімде.

Қас қарайған қараңғы бөлме. Уілдеген боран үні естіледі. Терезедегі шебер салынған өрнектерге тамсанып қараумен ойға шомып кетіппін. Кенет, телефон шыр ете қалды.

- Алло! Тыңдап тұрмын!

- Сәлеметсіз бе? Таңшолпанды бола ма?

Сол қоңыр дауыс. Әлде басқа ма екен? Жо-жоқ, дәл соның өзі!

Екеуміздің алғашқы махаббат әлеміне деген алғашқы сапарымыз осылай басталған еді.

Қар жапалақтап жауып тұр. Жол бойы сол бір шақтарды есіме алып келемін. Біздің пәк сезімімізге куә осы жол емес пе еді? Ауыл сыртындағы саябақ та біз жайлы сыр шертетін сыңайлы. Есіңде ме, екеуміз ұзақ қыдырған айлы кеш? Сол түні анам есік алдында қолына таяқ ұстап қарсы алып еді ғой! Сенің сондағы «апа, оған ұрыспаңызшы, мен кінәлімін» дегенің көз алдымнан кетер емес.

Иә, бәрі жадымда сақталып қалды. Жолдың бұрылысына жеттім. Сенің үйің көзіме бірінші түсті. Құлағыма баяғы таныс дауыс естіледі, оған ілесе сыңғырлаған қыз күлкісі...Міне, өзіңді де көрдім. Жауған қарды қызықтап, ауыл адамдары аққала жасауға кірісіп кетіпті. Арасында сен де барсың. Бірақ...қасыңдағы өзге нәзік жан...Түсінбедім...Санамды сарпалдаңға түсірген сан сұрақтан арыла алмай, үйге қалай жеткенімді де білмей қалдым. Ата-анам, бауырларым құшақ жая қарсы алуда. Еш нәрсені сезбеймін. Жүрегім әлденеге алаңдайды. Бар ойым сен болдың.

Ауылдағы бір түнім зорға өтті. Ертеңіне құрбымнан сенің үйленгеніңді естідім.

Күңіренген бөлме терезесіндегі аяз салған суретке қарап тұрмын. Телефон қоңырауын ұзақ күттім. Бірақ... бәрі кеш. Сынаптай сырғыған уақыт жылжып жатыр. Тірлігі қыж-қыж қайнаған Алматыға қайта келдім. Менің жүрегім мынау тастан соғылған қалада жалғыз қалған тәрізді өгейсиді. Балалық пәк сезімім сол ауылдың ақшағыл шағында қалып кеткендей! Қош, алғашқы махаббатым!

**Сағира ТЕМІРБЕКҚЫЗЫ,**
**журналистика факультетінің 3 курс студенті**

**Әзіл-қалжыңмен құрылған сатира сазы адам жанын әрлендіре, шабыттандыра түседі. Жүзіңе күлкі үйіріп, көңілге кішкене болса да қуаныш сыйлайды. Сондай жас та болса бас болып, әдемі әзілін әріне келтіріп жүрген сатира сақдақтарының бірі студент сатирик Олжас Қасымның шығармаларын оқырман назарына ұсынып отырмыз. Олжас Қасым 1989 жылдың сәуірінде ШҚО, Семей қаласы, Абай ауданы, Абыралы өңірінде дүниеге келген. Өлеңдері, мақалалары, сатиралары республикаға танымал басылым беттеріне шығып жүр. Қазір халықаралық «Қазақстан-Заман» газетінің бөлім редакторы. Бүгінде журналистика факультетінің 3 курс студенті.**

# Студент әзілдері

### ДЕГЕН ЕКЕН...

ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің магистранты, айтыскер ақын, тілінің қышымасы бар Асхатқа өзінің группаласы Азамат жолығып қалса керек. Қал-жағдайды сұрасқан соң, Азаматтан қай жаққа кетіп бара жатқанын сұрапты. Азамат: «Госслужбаға кетіп барамын»,– депті. «Өзің қайда бара жатырсың»,–деген досына асабалықпен айналысып жүрген Асекен: «Сен госслужбаға бара жатсаң, мен «тостслужбаға» бар жатырмын», – деген екен.

***

Журфактың екінші курс студенті Жәнібек жатақханада Елдос деген жігітпен бір бөлмеде тұрады екен. Бір күні Елдос қатты тұмауратып, ыстығы көтеріліп ауырыпты. Ертеңінде Елдос жазылып, дәл сол күні Жәнібек солай ауырса керек. Сабақтан келген Елдос досына келіп: «Ауырып қалдың ба, менен жұққан шығар»,– десе, қиналып жатқан Жәнібек: «Осы бөлмеде екеуміз тұрғаннан бері сенен бір жақсы қасиет жұқпады ғой»,— деген екен.




### ҚИЫН СҰРАҚ

Ботаника пәнінен сынақ тапсыруға келген бір студент ұстазына:

— Ағай, шынымды айтайын, дайын емеспін. Мүмкін басқа бір жолмен шешерміз?

— Жақсы, мен саған үш сұрақ қояйын. Жауап бере алмасаң, әр сауалға мың теңгеден бересің. Сосын сен маған бір сұрақ қой. Жауабын таппасам бесіңді аласың және он мың теңге қосып беремін. Екеуі өзара келіскен соң, мұғалім сұрақтарын қоя бастайды. Үш сұраққа да жөні түзу жауап таппаған студент үстелге үш мың теңге тастайды.

— Ал, енді сұрақ қою кезегі сенде...

— Қандай жануар ағашқа 15 аяқпен шығып, 25 аяқпен түседі?

Ұстазы әрі ойланып, бері ойланып ақыры шәкіртіне бес қойып, 10 мың теңгені қолына ұстатады.

Риза болған студент есікке қарай жүгіреді. Сол кезде мұғалімі:

– Тоқта, ол қандай жануар еді?

– Қандай жануары несі?

— Сен қазір ғана айтқан ағашқа 15 аяқпен міпіп 25 аяқпен түсетін аңның аты бар ма?

Сәл абдырап қалған студент үстелге 1000 теңге қойып, тез шығып, каша жөнеліпті.

### ШЫБЫННЫҢ ЖАУЫ

Бірге оқитын досым Бауыржан Әліқожаевтің бөлмесіне кіре бере кілт тоқтадым.Сөйтсем, ол айғайлап біреумен ұрсысып жатыр екен.

«Өй, төсектен төмен түс. Үй, қайда қашып барасың? Мынау тыңдамай ма?» деген сөздерді жаудырып бөлмесінің астаң-кестеңін шығарып жатыр. Кенет шыны шағылды.

Мен шыдап тұра беруге батылым жетпей, бөлмесіне кіріп бардым. Сөйтсем, Баукеннің ашуланып, төбелесіп жүргені кәдімгі көк шыбын екен.

Неге сонша шыбынмен алысып жүр екен десем. Ол балконына ет қойып қойған екен. Сол ет сасып кетіп, ашуын шыбыннан алып жатқан түрі ғой.

Шыбын серейіп, газеттің үстінде көз жұмыпты. Баукең мәз, шыбын өлді.

### ҚЫЗДАРДЫҢ НЕЛЕРІ

Мен Жәнібек пен Ілескеннің жатақханасын білуші едім. Қиналмай бөлмесін де тауып алдым. Сыртқы есіктен секцияға кіре беріп едім, ұзын бойлы Бауыржан деген жігіт «т...с...с» деп саусағын аузына апарды. Мен лажсыз тұрып қалдым. Ішкі бөлмеден шіңкілдеген дауыс шығып жатыр.

— Так... Арай менікі болды ғой. Енді не, Аиданы қоямын дейсің бе? Онда мен бірден бесеуге көтерем. Тенесесің бе? Қайсылармен? Майнұр, Ұлпан, Айзатпен ба? Олай болса, міне мендегі отыз екі. Әрине, көзірмен. Осымен бәрін де ұттырдың-ау деймін. Не?... Е? Қошаннің қызы қалды дейсің бе? Жарайды, жасайын. Мен ұтсам, соңғы партиямыз болатын шығар. Сірә, сенде басқа ешнәрсе жоқ қой. Ашып-ақ тарата салайын. Мендегі жиырма екі, өзіндікін көрсетші. О... әрине жетпейді. Ә... осымен ойын бітті ғой.

Сол кезде мен де кіріп бардым. Жәкең мен жолдасы Айбек екен. Үстел үстінде карта шашылып жатыр.

— Не ойнап жатырсыңдар? — дедім мен.




— Тринка ғой. Мына бәтшағардың дымын қалдырмай ұтып алдым. Ұялмайды екен өзі. Ылғи ұтыла береді. Әуелі, қалған-құтқан ақшасын, сосын соткасын қойып ойнайды. Сонда да ойнауын бір тоқтатпайды-ау. Сонымен, бітті-ау деймін.

Осы кезде Айбек орнынан көтерілді.

— Жетеді. Тоқтай тұр. Ойынның көкесі алда. Әлі қойылмаған он бір қыз бар емес пе? — дейді ашуланып.

Сөйтсек, Айекең карта ойнағаны құрысын, группасының барлық қызын сыртынан бәске тігіп бітіпті.

**Олжас ҚАСЫМ**

## Мағынасы майысқан мақалдар

Судың сылдырынан, тиынның сыңғыры жақсы.

Қыздың жасын сұрама, бизнесменнің айлығын сұрама.

Аттан құлағаннан, тақтан құлаған жаман.

Пара алу – парақордың пары́зы.

Кімде ақша көп болса, «бақыт» соған қонады.

Адал махаббат үнсіз келеді, үндей алмайсың,
Арам махаббат жөнсіз келеді жөндей алмайсың.

Фонограмма – әншінің поддержкасы.

Шын сүйгендер қосылмайды негізі,
Қойындарышы осындайды негізі.

Қазіргі заман:
Дарындылар алқалайтын емес,
Қарындылар шалқалайтын заман.

Берешегіңді бергеннен, «Көрешегіңді» көрген жақсы.

«Таныс» болмаса, табыс та болмайды.

Байдың сұрағы – қанша?
Кедейдікі – қалай?
Соттыкі – не үшін?

Жұмыс таппай мақтанба, «Кресло» таппай баптанба.

*Жұмбақтар*

Түртесің де сүртесің
(Орамал мен қолжуғыш)

Қыртасың да жыртасың
(Газет)

Қырудай-ақ қырасың, ет шықпайды бір асым.(Шыбын)

*Көзайым*

## ҚазҰУ студенттері тұңғыш қазақ тілді спорт сайтын ашты

Сүйінші! Қазақ спорты жайлы тұңғыш интернет-сайт ашылды. Ел спортшыларының әлемдік сындардағы жетістігі мен қазақ спортының келелі мәселелері жайлы сөз қозғайтын жаңа сайттың атауы «Аламан» деп аталды.

Шыны керек, осы күнге дейін қазақ спорты жайлы жанкүйерлерге тұшымды ақпарат берер бірде-бір сайт болмапты. Енді, міне, сол олқылықтың орны толды. Бұл сайтты құрастырушы – студенттер. Сайтты ашуға мұрындық болған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің студенттері – Рауан Оқасов пен Руслан Меделбек.

Сайт бетінен оқырман қауым қазақ спортшыларының әлемдік сындарда жеткен жетістігімен қатар, ел біріншіліктері жайлы репортаждар, түрлі статистикалар мен тұшымды ақпараттарды оқи алады. Сайттың дизайнын жасаған – елімізге танымал интернет-дизайнер Аршат Оразов.

Алдағы уақытта «Аламаннан» спорт сүйер қауым түрлі сауалнамалар мен бәс тігу сайыстарына қатысып, онлайн трансляцияларды тамашалайтын болады.

**Ендеше «Аламанда» жүздескенше.**
**Жаңа сайттың мекенжайы:**
**www.alaman.kz**

Жүрекжарды

# Ұстаздардың мәртебесін арттырған құбылыс

**Елімізге жаңа жыл кірді. Бұл шығыс күнтізбесі бойынша Барыс жылы. Барыс – Қазақстан Республикасының нышаны әрі Алматы қаласының да елтаңбасында бейнеленген. Барыс айбатты, оның болмысы ерекше жаратылған. Оның табандылығы мен батылдығы бізге дарып, ауқымды мәселелерді шешуге, рухани игіліктерді меңгеруге жігер берсін деп тілеймін. Биылғы жаңа жыл еліміз үшін 2030 стратегиялық бағдарламасын игеру барысында, сондай-ақ дағдарыстан шығуда жақсы бастама болатын жыл болатынына сенемін. Ал, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келетін болсақ, бұл жыл инновациялық-индустриялық даму үшін үлкен серпіліс беретін жыл болады деп пайымдаймын.**



Өткен 2009 жылға еш өкпеміз жоқ. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Б.Т.Жұмағұлов 2009-2011 жылдардағы университеттің стратегиялық дамуына аса зор назар аудара отырып, осы киелі, қасиетті ордада қалыптасқан адами және интеллектуалды әлеуеттік даму жолдарын жаңартты. ҚазҰУ Қазақстанның элитасын дайындауға ат салысып, білім берудің жетілген үрдістерін, көптеген ғылыми зерттеу орталықтарын, университеттің техникалық инновацияларын мен соңғы халықаралық және еуропалық модельдерінің бағдарламаларын енгізіп, жүзеге асыруға бүкіл университет ұжымын жұмылдырды.

Өткен жылы ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойының атап өтілгенінен бүкіл республика жұртшылығы хабардар.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев университет ұжымымен, студенттерімен кездесті, актілік дәріс оқыды. Елбасы «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасын жүзеге асыру арқылы студенттердің жоғарғы дәрежеде білім алып шығатынына үлкен сенім білдірді.

Университетіміз соңғы уақыттарда ғажайып өзгерістерді басынан кешіріп жатыр. Университет ректоры мен басшылары келелі, ауқымды іс-шараларды жүзеге асыруда: әлеуметтік салада оқытушылардың мәртебесін көтеру бағытында қыркүйектің 1-нен бастап еңбек ақымыз көтерілді; оқу сапасын жақсарту үрдістерінде әлемдік стандарттарға сай, университет түлектерінің бәсекелестікке қабілетті, университеттердің жетекші халықаралық Рейтингке кіру жолдарын жетілдіру сияқты шаралар атқарылып жатыр; университет қалашығында жаңа оқу ғимараттары қолданысқа берілді, ал басқа, кітапхана, спорт кешені, т.с.с. құрылыстар өз кезегін күтіп тұр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев еліміздің Тәуелсіздік күніне орай көптеген зиялы топ өкілдерін құттықтап, жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорларының еңбектерін жоғары бағалады. Біздерге мұндай зор құрмет көрсетілгеніне ризамын. Мақтаныш тұтамын.

Халық қамын ойлап, ұлттың тыныс-тіршілігіне қамқорлық көрсетіп жүрген еліміздің үкімет және қоғам қайраткерлеріне, сондай-ақ университет басшыларына зор алғысымды білдіремін.

Мен халықаралық қатынастар факультетінде сабақ беремін. Бұл факультет Сыртқы істер министрлігінің, әсіресе, сол кездегі министр Қ.К.Тоқаевтың тікелей қолдауымен ашылды. Ол өз еліміздің кәсіби дипломаттарын, халықаралық дәрежедегі заңгерлер мен аймақтану саласындағы мамандар дайындауға құзырлы факультеттердің біріне айналды.

Факультеттегі шет тілдер кафедрасы жоғарғы дәрежелі, заманауи талаптарға сай, білікті мамандар дайындауда жемісті еңбек етіп келеді. Қазіргі таңда шет тілінің құндылығы мен қажеттілігі айқын.

Еліміздің әлемдік кеңістікке шығуында, шет елдермен мәдениет пен саясат шеңберінде қарым-қатынастар жасауында, глобалды идеялар мен мағлұматтарды насихаттауында ағылшын тілінің орны ерекше. Ал, Қазақстан Республикасының Еуропалық қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету, дүниежүзілік қауымдастыққа тең мүше болу кезеңінде шет тілін жетік меңгерген мамандарға, оның ішінде біздің факультеттің түлектеріне сұраныс зор. ХҚФ түлектері әртүрлі мемлекеттік ұйымдарда халықаралық мәселелермен айналысады.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», - деп Әл-Фараби бабамыз айтқандай, білім мен тәрбие егіз. Біздің сабақтарымыз тәжірибелік түрде өтетін болғандықтан, біз студенттермен жиі кезігеміз. Әр сабақта біліммен бірге рухани, адами, мәдени тәлім-тәрбие жұмыстарын қатар жүргіземіз. Жас жеткіншектердің Отанға, халыққа деген сүйіспеншілік сезімдерін оятып, ұлттық құндылықтарды жаңғыртып дамыту - біздің парызымыз. Біз өз жауапкершілігімізді толық сезінеміз. Осыған белсенді үлес қосу жолында бар күш-жігерімізді, тәжірибемізді саламыз.

Мен әр түрлі кезеңдерде шет тілдер кафедрасын 20 жылдай басқардым. 48 жыл бойы университет қабырғасында қызмет етіп келемін. Мен өз кафедрам, өз факультетім, өз университетімнің арқасында, сіңірген еңбегім мен жұмысымның нәтижесінде осы дәрежеге жеттім. Университеттің 75 жылдық мерейтойы қарсаңында «Үлкен күміс медальмен», ал «Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай мемлекеттің «Құрмет» орденімен марапатталдым.

Менің университетім – қасиетті ғылым мен білім ошағы, рухани факторлардың қайнар көзі, әсіресе, адами құндылықтарды жоғары бағалайтын орда. Оған мен өзімнің еңбек тәжірибемде толық көз жеткіздім.

**Р.С.ҚАЙЫРБАЕВА,**
**ф.ғ.к., профессор**

---

Поздравляем!

# Юбилей академика Сабикенова С.Н.

**15 января 2010 г. в зале ученого совета КазНУ им. аль-Фараби прошло торжественное собрание, посвященное 70-летию со дня рождения и 45-летию научно-педагогической и общественно-политической деятельности академика НАН РК, доктора юридических наук, профессора кафедры международного права факультета международных отношений КазНУ имени аль-Фараби Сабикенова Салахидена Нурсариевича.**



На торжественном собрании участвовали видные деятели науки, руководители государственных органов и организаций, вузов РК и гости из Кыргызстана и Узбекистана.

